ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті

ОҢТАЙЛАНДЫРУ ӘДІСТЕРІ

оқу-әдістемелік кешені



nur-print
Алматы 2012

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ОҢТАЙЛАНДЫРУ ӘДІСТЕРІ

*Білім алушыларға арналған пәннің
оқу-әдістемелік кешені*

5В070300 – Ақпараттық жүйелер

Алматы, 2012

ӘОЖ 004.3 (075)
КБЖ 32.973.202 я73
О 59

Пікір жазғандар:
т.ғ.к., доцент **Г.Салғараева**
ф.-м.ғ.к. **Г.А.Тюлепбердинова**

Құрастырушылар:
т.ғ.к., доцент **Л.Х. Жунусова**
ф.-м.ғ.к., доцент **К.А.Искакова**
аға оқытушы **Н.А.Тойғанбаева**

ISBN 9965-756-18-X

Онтайландыру әдістері: *Оқу-әдістемелік кешен.* – Алматы: Нур-Принт, 2012.-101 б.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті физика-математика факультетінің Ғылыми Кеңесінің шешімімен баспа-ға ұсынылған.
Хаттама № 1, «31» 08 2012 жыл.

ӘОЖ 004.3 (075)
КБЖ 32.973.202 я73
О 59

ISBN 9965-756-18-X

МАЗМҰНЫ

Студенттерге арналған пән силлабусы

1. Пән туралы ақпарат

<table>
<tr><td>Пән атауы</td><td>Пән коды</td><td>Кредит саны</td><td>Курс, семестр</td></tr>
<tr><td>Оңтайландыру әдістері</td><td>ПП05</td><td>2</td><td>3-к, 5-семестр</td></tr>
<tr><td>Мамандық аты</td><td>Мамандық шифры</td><td>Кафедра</td><td>факультет</td></tr>
<tr><td>ақпараттық жүйелер</td><td>5В070300</td><td>Оқытудың ақпараттық жүйелері</td><td>Физика-математика</td></tr>
<tr><td colspan="2">Оқыту формасы - күндізгі</td><td colspan="2">Оқыту тілі - қазақша</td></tr>
<tr><td colspan="4">Пәнді өткізу уақыты және орны</td></tr>
<tr><td>Лекция</td><td colspan="2">Кесте бойынша</td><td></td></tr>
<tr><td>Семинар сабақ</td><td colspan="2">Кесте бойынша</td><td></td></tr>
<tr><td>СОӨЖ</td><td colspan="2">Кесте бойынша</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="4">Консультация уақыты</td></tr>
<tr><td colspan="4">Рубеждік бақылау кестесі: 1-ші 8 апта; 2-ші 14апта</td></tr>
<tr><td colspan="4"></td></tr>
<tr><td colspan="2">Оқытушының аты-жөні, лауазымы, дәрежесі, атағы</td><td colspan="2">Контактілік ақпарат(телефон, e-mail)</td></tr>
<tr><td colspan="2">Жунусова Ләззат Хафизқызы, техника ғылымдарының кандидаты, доцент</td><td colspan="2">жұмыс телефоны: 272-15-13</td></tr>
<tr><td colspan="2"></td><td colspan="2">Кафедра меңгерушісі Б.Д.Сыдықов</td></tr>
</table>

2. Пәннің қысқаша сипаттамасы

Замана талабынан туған «Оңтайландыру әдістері» курсы нарықтық экономика, қолданбалы математика, химия, физика, экология сияқты салалардан жалпы ғылыми дайындықтағы мамандарды даярлаудың ажырамас бөлігі болып табылады. «Оңтайландыру әдістері» жалпы курсының университеттік оқу жоспарларына 20-ғасырдың 70-жылдарында енгізілуі өндірістің кең қанат жаюы, жер қойнауындағы байлықтардың шектеулі екендігін ескеріп, энергияны, материалдарды, жұмыс уақытын үнемді пайдалану керектігін сезінгендіктен және экономика, экология, өндірістік-технологиялық ғылымдарды тиімді басқару қажеттілігіне байланысты еді. Аталған мәселелердің экономикалық немесе басқа да мазмұндарына назар аударсақ, онда олардың барлығы функцияның немесе функционалдың қай бір кеңістіктегі максимумға немесе минимумға жеткізетін жиындарын табу есебін білдіреді.

Мұндағы функция басқару сапасын, ал жиын зерттелінетін жүйедегі мүмкіндіктерді ескеріп ресурстарға қойылатын шектеулерді өрнектейді.

Өмірде болып жатқан құбылыстарды зерттеуде, есептеуде ең тиімді тәсілді іздеп табуға тура келеді. Жоғарғы білімді маман осы мәселелерді шешуде тиімді әдістерінен алған білімді жүзеге асырады.

Тиімділік әдістерінен студенттер:

- сызықтық программалау;
- сызықтық емес тиімділік;
- бір айнымалы бойынша шартсыз минимизацияау;
- көп айнымалы функцияны шартсыз минимизациялау;

шартты тиімділіктің классикалық есептерін біліп шығады.

Бұл курстың **мақсаты** класикалық вариациялық қисап әдістерін және тиімділеу әдістерін, басқарылымдылық пен тиімді басқару элементтерін зерттеу.

Курсты меңгеру нәтижесінде бакалаврлар

- Функционалдар мен функциялар үшін экстремалдік есептерді шешу әдістерін;

  БІЛУГЕ:
- Практикалық экстремалдік есептердің математикалық модельдерін құруды;
- Белгілі әдістерді қолдануды және қортынды жасауды;

  ҮЙРЕНУГЕ:
- Вариациялық қисап пен тиімділеудің негізгі әдістерінен;
- Нақты есептерге экстремалдік есептерді шешу әдістерінің алгоритмдерін қолданудан
- **ХАБАРДАР БОЛУҒА ТИІСТІ**

3. Пән пререквизиттері

Алгебра;

Геометрия;

Математикалық анализ;

Дифференциалды теңдеулер.

4. Пән постреквизиттері

Сандық тәсілдер;

Арнайы мамандық курстары.

5. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар.

№	Пән тақырыптарының аталуы	апта	Аудиториялық сабақтар			Сабақ түрі		Барлығы
			Дәріс (сағ. мат үшін)	Дәріс (сағ.АЖ үшін	Пр/сем./зертх./студ саб (сағ.)	СОӨЖ (сағ.)	СӨЖ (сағ.)	
1	**Тиімділік есебіне кіріспе.** Тиімділік есептерінің қойлымы. Тиімділік есептерінің және әдістерінің классификациялары.	1	1	2	1	1	1	4
2	**Сызықты программалау.** Сызықты программалау теориясындағы негізгі ұғымдар.	2	1	2	1	3	3	8
3	Сызықты программалау есебін симплекс әдісімен шығару .Тиімділіктің кажетті және жеткілікті шарты.Жасанды базис есебі. (М-әдіс)	3-4	2	4	2	4	4	12

Кестетің жалғасы

4	**Сызықты программалау есебінің өзара қосжақты есептері.**	5	1	2	1	2	2	6
5	**Тасымалдау есебі**	6	1	2	1	2	2	6
6	**Сызықты емес оңтайландыру**	7	1	2	1	2	2	6
7	**Бір айнымалы функцияны шартсыз минимизациялау.**	8-9	2	2	1	2	2	6
8	**Көпайнымалы функциялардағы шарттыз тиімділік есептері**. Шарттсыз тиімділік есептері.Тікелей іздестіру әдістері	10-11	2	4	2	4	4	12
9	Градиеттік әдіс	12-13	2	2	1	2	2	6
10	**Вариациялық қисап**.Қарапайым вариациялық қисап мысалдары. Эйлер теңдеуі.	14-15	2	4	2	4	4	12
	бары		15	30	15	30	30	90

6. Оқытуға арналған әдебиеттер (10 әдебиеттен артық емес)

Негізгі әдебиеттер:

1. Айсагалиев С.А., Бияров Т.Н., Калимолдаев М.Н. и др. Задачи по методам оптимизации и вариационному исчислению.- Алматы: Қазақ университеті, 1996.
2. Аккулич И.Л. Математическое программирование в примерах и задачах.- М.: Высшая школа, 1986.
3. Вентцель Е.С. Исследование операций. - М.: Высшая школа, 2001.
4. Гусманова Ф.Р., Беркімбаева С.Б., Сақыпбекова М.Ж. Оңтайландыру әдістерінен жаттығулар мен есептер.
5. Карманов В.Г. Математическое программирование. – М: Наука. Главная редакция физико-математической литературы, 1986.
6. Гусманова Ф.Р. Оңтайландыру әдістері.-Алматы КазНПУ,2007

Қосымша әдебиеттер:

1. Алексеев В.М. и др. Сборник задач по оптимизации. М.: 1974.
2. Понтрягин Л.С. и др. Математическая теория оптимальных процессов. М.: 1974.

Интернет-көздері

1.http://www.aport.ru
2. http://www.googlt.kz
3. http://www.toroid.ru
4. http://www.kaznu.kz
5. http://www.kaznpu.kz

7 Бағалау критерийі

№	Жұмыс түрі	1-ші рейтинг	2-ші рейтинг	емтихан
1	Қатысуы	21	24	
2	СӨЖ	24	20	
3	Практикалық жұмыстар	21	24	
4	Дәрістер конспектісі	10	10	
5	Тест	24	22	
6	Емтихан			100
	Барлығы	100	100	((P1+P2)/2)*0,6 +e*0,4

8. Оқытушы талабы.

Сабаққа кешікпей келу;

Бөгде жұмыстармен айналыспау;

Ұялы телефонды өшіру;

Сабақ жібермеу, ауырып қалған жағдайда анықтама көрсетіп өтеу;
Сабаққа белсенді қатысу;

Дәріс тезистері

Тиімділік есебіне кіріспе. Лекция №1

Замана талабынан туған «Оңтайландыру әдістері» курсы нарықтық экономика, қолданбалы математика, химия, физика, экология сияқты салалардан жалпы ғылыми дайындықтағы мамандарды даярлаудың ажырамас бөлігі болып табылады. «Оңтайландыру әдістері» жалпы курсының университеттік оқу жоспарларына 20-ғасырдың 70-жылдарында енгізілуі өндірістің кең қанат жаюы, жер қойнауындағы байлықтардың шектеулі екендігін ескеріп, энергияны, материалдарды, жұмыс уақытын үнемді пайдалану керектігін сезінгендіктен және экономика, экология, өндірістік-технологиялық ғылымдарды тиімді басқару қажеттілігіне байланысты еді. Аталған мәселелердің экономикалық немесе басқа да мазмұндарына назар аударсақ, онда олардың барлығы функцияның немесе функционалдың қай бір кеңістіктегі максимумға немесе минимумға жеткізетін жиындарын табу есебін білдіреді. Мұндағы функция басқару сапасын, ал жиын зерттелінетін жүйедегі мүмкіндіктерді ескеріп ресурстарға қойылатын шектеулерді өрнектейді.

Өмірде болып жатқан құбылыстарды зерттеуде, есептеуде ең тиімді тәсілді іздеп табуға тура келеді. Жоғарғы білімді маман осы мәселелерді шешуде тиімді әдістерінен алған білімді жүзеге асырады. Егер тұтынатын тауар мен баға қатнасы сұраныс моделі ретінде қарастырылса, онда сұраныс болжамы үшін тауар ұсынылатын модель қажет, онда ұсынылған сұраныстың бағасы мен көлемі арасындағы байланыс қарастырылады. Бұл ұсыныс пен сұраныс арасындағы теңдікке жетуге мүмкіндік береді.

Тағы бір мысал қарастырайық. Өндіріс тиімділігін бағалауда рентабельдік моделін қарастыру жеткілікті. Еңбек өнімділігі және өнім бірлігінің өз құнының моделімен толықтырылуы мүмкін.

Егер макродеңгейлік зерттеулерден макроэкономикалық есептеулерге өтсек, өзара байланысқан теңдеулер жүйесін қолдануға қажеттілік өседі. Ұлттық экономикалық модельде келесі теңдеулер жүйесін енгізеді: тұтыну функциясы, жалақы инвеститциясы, пайда тепе-теңдігі. Бұл макроэкономикалық көрсеткіштердің экономика жағдайында жалпылама көрсеткіштері екендігін көреміз.

Тиімділік есептері шартсыз және шартты деп, ал шартты есептер сызықты және сызықты емес деп қарастырылады.

Сызықты программалау. Лекция №2-4
Негізгі анықтамалар мен теоремалар

Анықтама 1. Сызықты формада минимизациялау (максимизациялау) керек есепті

$$\sum_{i=1}^{n} c_i \cdot x_i \to \min(\max)$$

мына шарттарда

$$\sum_{j=1}^{n} a_{ij} \cdot x_i \leq b_j\,,\ \ j=\overline{1,m}\ ,$$

немесе

$$\sum_{i=1}^{n} a_{ij} \cdot x_i = b_j\,,\ \ j=\overline{(m+1),p}\,,$$

және

$$x_i > 0\,,\ i=\overline{1,n}\,,$$

болса, есеп сызықты программалау есебі деп аталады.

Анықтама 2.

$$\left.\begin{aligned} \bar{c}^{\mathrm{T}} \cdot \bar{x} &\to \min(\max) \\ A \cdot \bar{x} &\leq \bar{b}, \\ \bar{x} &\geq \bar{0}, \end{aligned}\right\} \qquad (1)$$

матрица түріндегі есеп сызықты программалау есебінің симметриялық формасы деп аталады.

Анықтама 3.

$$\left.\begin{aligned} \bar{c}^{\mathrm{T}} \cdot \bar{x} &\to \min(\max) \\ A \cdot \bar{x} &= \bar{b}, \\ \bar{x} &\geq \bar{0}, \end{aligned}\right\} \qquad (2)$$

түрде жазылған сызықты программалау есебі сызықтық программалаудың канондық түрі деп аталады.
Сызықтық программалаудың кезкелген есебін канондық түрге келтіуге болады.
Егер шектеулер жүйесі келесі формада берілсе

$$A \cdot \bar{x} \le \bar{b},$$
онда қосымша айнымалылар енгізе отырып, мына түрге келтіруге болады:
$$A \cdot \bar{x} + E \cdot \bar{y} = \bar{b}, \quad \bar{x} \ge 0, \quad \bar{y} \ge 0,$$
мұнда $\bar{y} = [x_{n+1}, \dots, x_{n+m}]^{\mathrm{T}}$.

Егер шектеулер жүйесі келесі формада берілсе
$$A \cdot \bar{x} \ge \bar{b},$$
онда
$$A \cdot \bar{x} - E \cdot \bar{y} = \bar{b}, \quad \bar{x} \ge 0, \quad \bar{y} \ge 0.$$

$A \cdot \bar{x} \le \bar{b}$ жағдайды қарастырайық. Бұл шектеулер жүйесін мына түрде жазуға болады:
$$\left.\begin{array}{l} a_{1,1} \cdot x_1 + a_{1,2} \cdot x_2 + \ldots + a_{1,n} \cdot x_n + x_{n+1} = b_1 \\ a_{2,1} \cdot x_1 + a_{2,2} \cdot x_2 + \ldots + a_{2,n} \cdot x_n + x_{n+2} = b_2 \\ \dots\dots\dots\dots\dots\dots\dots\dots\dots\dots\dots\dots \\ a_{m,1} \cdot x_1 + a_{m,2} \cdot x_2 + \ldots + a_{m,n} \cdot x_n + x_{n+m} = b_m \end{array}\right\}.$$

Келесі белгілеулерді енгізейік:
$$\bar{x} = \begin{bmatrix} x_1 \\ x_2 \\ \dots \\ x_n \end{bmatrix}, \ \bar{A}_1 = \begin{bmatrix} a_{1,1} \\ a_{2,1} \\ \dots \\ a_{m,1} \end{bmatrix}, \dots, \ \bar{A}_n = \begin{bmatrix} a_{1,n} \\ a_{2,n} \\ \dots \\ a_{m,n} \end{bmatrix}, \ \bar{A}_{n+1} = \begin{bmatrix} 1 \\ 0 \\ \dots \\ 0 \end{bmatrix}, \dots, \ \bar{A}_{n+m} = \begin{bmatrix} 0 \\ 0 \\ \dots \\ 1 \end{bmatrix},$$
$$\bar{A}_0 = \begin{bmatrix} b_1 \\ b_2 \\ \dots \\ b_m \end{bmatrix}.$$

Онда сызықтық программалау есебін мына түрде жазуға болады:
$$\sum_{i=1}^{n} c_i \cdot x_i \to \min(\max)$$
$$x_1 \cdot \bar{A}_1 + x_2 \cdot \bar{A}_2 + \ldots + x_n \cdot \bar{A}_n + x_{n+1} \cdot \bar{A}_{n+1} + \ldots + x_{n \cdot m} \cdot \bar{A}_{n+m} = A_0,$$
$$\bar{x} \ge \bar{0}.$$

$\bar{A}_i$ векторы шарттар векторы деп аталады, ал есептің өзі бастапқы есепке қатысты кеңейтілген сызықты программалау есебі деп аталады.

Анықтама 4. Сызықты программалау есебінің шарттарын қанағаттандыратын $\bar{x} = [x_1, x_2, ..., x_n]^T$ сандар қатары жоспар деп аталады. *Анықтама 5.* Сызықты программалау есебінің шешімі сызықты форманы минимизациялайтын(максимизациялайтын) жоспары деп аталады. Базистік шешім деген ұғымды енгізейік. Кеңейтілген есеп матрицасынан $A_p = \left[\bar{A}_1, \bar{A}_2, ..., \bar{A}_{n+m}\right]$ m сызықты тәуелсіз вектор-бағанын бөліп алып $B_{m\times m}$ деп белгілейміз, ал $D_{m\times n}$ қалған бағандарды белгілейміз. Онда . $A_p = [B, D]$ және сызықты программалаудың кеңейтілген есебін келесі түрде жазуға болады:

$$A_p \cdot \bar{x} = B \cdot \bar{x}_B + D \cdot \bar{x}_D = \bar{A}_0. \tag{3}$$

В матрицасының бағандары m өлшемді кеңістіктің базисін құрайды. Сондықтан $\bar{A}_0$ векторын және D матрицасының кезкелген бағанын И матрицасының бағандарының сызықты комбинациясы түрінде жазуға болады:

(3)-ті B^{-1} -ге көбейтіп

$$B^{-1} \cdot B \cdot \bar{x}_B + B^{-1} \cdot D \cdot \bar{x}_D = B^{-1} \cdot \bar{A}_0, \tag{4}$$

осы теңдеуден $\bar{x}_B$ табамыз:

$$\bar{x}_B = B^{-1} \cdot \bar{A}_0 - B^{-1} \cdot D \cdot \bar{x}_D. \tag{5}$$

$\bar{x}_D$ -ға әр түрлі мән бере отырып, $\bar{x}_B$-ның шешімдерін аламыз.

Егер $\bar{x}_D = \bar{0}$ болса, онда

$$\bar{x}_B = B^{-1} \cdot \bar{A}_0 . \tag{6}$$

(6) шешімді $m+n$ балгісізі бар m теңдеудің базистік шешімі деп аталады.

Симплекс әдісі

Симплекс әдісі немесе жоспарды қадамдап жақсарту. Симплекс әдісі жалпы сызықты программалаудың есебін шешуге арналған: Бізге келесі есеп берілсін:

$$Q(\bar{x}) = c_1 \cdot x_1 + c_2 \cdot x_2 + ... + c_n \cdot x_n \to \min, \tag{1}$$

шектеулер жүйесінде:

$$\begin{cases} a_{1,1} \cdot x_1 + a_{1,2} \cdot x_2 + ... + a_{1,n} \cdot x_n = b_1 \\ .... \\ a_{m,1} \cdot x_1 + a_{m,2} \cdot x_2 + ... + a_{m,n} \cdot x_n = b_m \end{cases} \tag{2}$$

Бұл есепті $x_1, ..., x_m$ айнымалыларға қатысты шешеміз:

$$\begin{cases} x_1 = a'_{1,m+1} \cdot x_{m+1} + \ldots + a'_{1,n} \cdot x_n + b'_1 \\ \ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots \\ x_m = a'_{m,m+1} \cdot x_{m+1} + \ldots + a'_{m,n} \cdot x_n + b'_m \end{cases} \quad (3)$$

$x_1,\ldots,x_m$ айнымалыларға сәйкес келетін шарттар векторы базис құрайды. $x_1,\ldots,x_m$ айнымалылыарын базистік айнымалылар деп атаймыз. Қалған айнымалылар базистік емес айнымалылар.

Мақсат функциясын базистік емес айнымалылар арқылы өрнектейміз:

$$Q(\bar{x}) = c'_{m+1} \cdot x_{m+1} + c'_{m+2} \cdot x_{m+2} \ldots + c'_n \cdot x_n + c'_0 \to \min.$$

Базистік емес айнымалыларды нолге теңестірсек:

$$x_{m+1} = 0,\ x_{m+2} = 0,\ \ldots;\ x_n = 0,$$

Сәйкес базистік айнымалылар:

$$x_1 = b'_1;\ x_2 = b'_2;\ \ldots;\ x_m = b'_m$$

болады.

$b'_i \geq 0$ болғанда $\bar{x}$ векторы шешімдер көпжағының бұрыштық нүктесін береді. Енді аз мәнді мақсат функциямен келесі бұрыштық нүктеге өту керек. Ол үшін базистік және базистік емес айнымалыларды алып, мақсат функциясының мәні азайтылатындай етіп орындарын алмастырамыз. Осы қадамдарда жасап, есептің шешімін табамыз.

Симплекс әдіс алгоритмі

Симплекс әдісі екі негізгі этаптан тұрады:

1) таяныш жоспар құру;

2) тиімді жоспар құру.

Таяныш жоспар құру**.** Төмендегі есепті шешу керек:

$$Q(\bar{x}) = c_1 \cdot x_1 + c_2 \cdot x_2 + \ldots + c_n \cdot x_n \to \min(\max)$$

$$\begin{cases} a_{1,1} \cdot x_1 + \ldots\ldots\ldots\ldots + a_{1,n} \cdot x_n = b_1 \\ \ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots \\ a_{m,1} \cdot x_1 + \ldots\ldots\ldots\ldots + a_{m,n} \cdot x_n = b_m \\ a_{m+1,1} \cdot x_1 + \ldots + a_{m+1,n} \cdot x_n \leq b_{m+1} \\ \ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots \\ a_{m+p,1} \cdot x_1 + \ldots\ldots\ldots + a_{m+p,n} \cdot x_n \leq b_{m+p} \end{cases}.$$

Теңсіздіктен теңдікке өту үшін қосымша айнымалылар енгіземіз. Онде шектеулер жүйесі келесі түрде болады:

$$
\begin{cases}
0 = b_1 - a_{1,1} \cdot x_1 - \ldots\ldots\ldots\ldots - a_{1,n} \cdot x_n \\
\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots \\
0 = b_m - a_{m,1} \cdot x_1 - \ldots\ldots\ldots - a_{m,n} \cdot x_n \\
x_{n+1} = b_{m+1} - a_{m+1,1} \cdot x_1 - \ldots - a_{m+1,n} \cdot x_n \\
\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots \\
x_{n+p} = b_{m+p} - a_{m+p,1} \cdot x_1 - \ldots - a_{m+p,n} \cdot x_n
\end{cases},
$$

мұнда $x_{n+i} \geq 0 \quad \forall i = \overline{1, p}$.

Базистік айнымалылыр ретінде қосымша енгізілген айнымалыларда аламыз. Онда симплекс кестесі мына түрде болады:

	$-x_1$	$-x_2$	....	$-x_S$	....	$-x_n$	1
0	$a_{1,1}$	$a_{1,2}$	....	$a_{1,S}$	....	$a_{1,n}$	b_1
....	....	....	....	....	....	....	....
0	$a_{m,1}$	$a_{m,2}$	....	$a_{m,S}$	....	$a_{m,n}$	b_m
x_{m+1}	$a_{m+1,}$	$a_{m+1,}$	....	$a_{m+1,}$	....	$a_{m+1,}$	b_{m+1}
....	....	....	....	....	....	....	...
x_{m+p}	a_{m+p}	a_{m+p}	....	a_{m+p}	....	a_{m+p}	b_{m+p}
$Q(\bar{x})$	$-c_1$	$-c_2$	....	$-c_S$	....	$-c_n$	0

1. Қосымша айнымалылар енгізіп, кеңейтілген жүйе аламыз.

2. Бастапқы кеңейтілген жүйені бірінші симплекс кестеге енгіземіз.

3. Есептің максимумын(минимумын) іздегенде тиімділік критерийінің орындалуын тексереміз. Егер максимумын анықтау керек болса, соңғы жолда теріс коэффициент жоқ болса, шешім тиімді. Егер минимумын анықтау керек болса, соңғы жолда оң коэффициент жоқ болса, шешім тиімді.

4. Егер тиімділік критерийі орындалмаса, онда соңғы жолда модулі бойынша максимумды іздеу керек болса, модулі бойынша ең үлкен теріс үлкен коэффициент шешуші бағанды анықтайды.

5. $\dfrac{b_r}{a_{rl}} = \min\limits_i \left\{ \dfrac{b_i}{a_{il}} \middle| \dfrac{b_i}{a_{il}} > 0 \right\}$ бойынша шешуші жолды табамыз.

Шешуші жол мен шешуші баған қиылысындағы элемент шешуші элемент деп аталады.

6. Төмендегі ережелерді пайдаланып, келесі кестеге көшеміз:

А) кестенің сол жақ бағанына жаңа базисті жазамыз;

Ә) негізгі айнымалыларға сәйкес келетін бағандарға нольдер мен бірді жазамыз;

Б) шешуші элемент тұрған жолды сол шешуші элементке бөліп жазамыз;

В) қалған элементтерді тіктөртбұрын әдісімен толтырамыз.

Ары қарай алгоритмнің үшінші қадамына көшеміз.

Сызықты программалау есебінің өзара қосжақты есептері. Лекция №5

Бір уақтта (1) және (2) есептерді қарастырамыз.

$$\left.\begin{array}{l} Q(\bar{x}) = \bar{p}^{\mathrm{T}} \cdot \bar{x} \to \max \\ A \cdot \bar{x} \le \bar{b}, \\ \bar{x} \ge 0 \end{array}\right\} \quad (1) \qquad \left.\begin{array}{l} W(\bar{u}) = \bar{b}^{\mathrm{T}} \cdot \bar{u} \to \min \\ A^{\mathrm{T}} \cdot \bar{x} \ge \bar{p}, \\ \bar{u} \ge 0 \end{array}\right\} \quad (2)$$

Қарастырып отырған (2) есеп (1) есептің қосалқы есебі деп аталады.

Тура есеп:	Шектеулер:
$Q(\bar{x}) = \bar{p}^{T} \cdot \bar{x} \to \max$	$\bar{y} = -A \cdot \bar{x} + \bar{b} \ge \bar{0}$
$A \cdot \bar{x} \le \bar{b}$	$\bar{x} \ge \bar{0}$
$\bar{x} \ge \bar{0}$	
Қосалқы есеп:	
$W(\bar{u}) = \bar{b}^{T} \cdot \bar{u} \to \min$	$\bar{v} = A^{T} \cdot \bar{u} - \bar{p} \ge 0$
$A^{T} \cdot \bar{u} \ge \bar{p}$	$\bar{u} \ge \bar{0}$
$\bar{u} \ge \bar{0}$	

Тура есеп үшін Симплекс кестесі:

	$-x_1$	...	$-x_S$	...	$-x_n$	1

$y_1 =$	a_{11}	$\ldots$	a_{1S}	$\ldots$	a_{1n}	b_1
$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$
$y_r =$	a_{r1}	$\ldots$	a_{rS}	$\ldots$	a_{rn}	b_r
$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$
$y_m =$	a_{m1}	$\ldots$	a_{mS}	$\ldots$	a_{mn}	b_m
$Q(\bar{x}) =$	$-p_1$	$\ldots$	$-p_S$	$\ldots$	$-p_n$	0

a_{rS} - шешуші элемент.

	$-x_1$	$\ldots$	$-y_r$	$\ldots$	$-x_n$	1
$y_1 =$	b_{11}	$\ldots$	$-a_{1S}$	$\ldots$	b_{1n}	$b_{1,n+1}$
$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$
$x_S =$	a_{r1}	$\ldots$	1	$\ldots$	a_{rn}	b_r
$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$
$y_m =$	b_{m1}	$\ldots$	$-a_{mS}$	$\ldots$	b_{mn}	$b_{m,n+1}$
$Q(\bar{x}) =$	b_{m+1}	$\ldots$	p_S	$\ldots$	$b_{m+1,n}$	$b_{m+1,n+1}$

Мұнда $b_{ij} = a_{ij} \cdot a_{rS} - a_{rj} \cdot a_{iS}$

Қосалық есеп үшін Симплекс кесетесі:

	$v_1 =$	$\ldots$	$v_s =$	$\ldots$	$v_n =$	$W =$
u_1	a_{11}	$\ldots$	a_{1S}	$\ldots$	a_{1n}	b_1
$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$
u_r	a_{r1}	$\ldots$	a_{rS}	$\ldots$	a_{rn}	b_r
$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$	$\ldots$

u_m	a_{m1}	$\dots$	a_{mS}	$\dots$	a_{mn}	b_m
1	$-p_1$	$\dots$	$-p_S$	$\dots$	$-p_n$	0

a_{rS} - бағыттаушы элемент.

	$v_1 =$	$\dots$	$u_r =$	$\dots$	$v_n =$	$W =$
u_1	b_{11}	$\dots$	$-a_{1.}$	$\dots$	b_{1n}	$b_{1,n+1}$
$\dots$	$\dots$	$\dots$	$\dots$	$\dots$	$\dots$	$\dots$
v_s	a_{r1}	$\dots$	1	$\dots$	a_{rn}	b_r
$\dots$	$\dots$	$\dots$	$\dots$	$\dots$	$\dots$	$\dots$
u_m	b_{m1}	$\dots$	$-a_{m.}$	$\dots$	b_{mn}	$b_{m,n+1}$
1	b_{m+1}	$\dots$	p_S	$\dots$	$b_{m+1,r}$	$b_{m+1,n+}$

Мұнда $b_{ij} = a_{ij} \cdot a_{rS} - a_{rj} \cdot a_{iS}$ кесте элементтерін a_{rS}-ке бөлу керек. Сөйтіп келесі кестені аламыз:

	$v_1 = -x_1$	$\dots$	$v_s = -x_S$	$\dots$	$v_n = -x_n$	$W = 1$
u_1 $y_1 =$	a_{11}	$\dots$	a_{1S}	$\dots$	a_{1n}	b_1
$\dots$	$\dots$	$\dots$	$\dots$	$\dots$	$\dots$	$\dots$
u_r $y_r =$	a_{r1}	$\dots$	a_{rS}	$\dots$	a_{rn}	b_r
$\dots$	$\dots$	$\dots$	$\dots$	$\dots$	$\dots$	$\dots$
u_m $y_m =$	a_{m1}	$\dots$	a_{mS}	$\dots$	a_{mn}	b_m
1 $Q(\bar{x}) =$	$-p_1$	$\dots$	$-p_S$	$\dots$	$-p_n$	0

Есепті шешіп $\max Q = \min W$ екеніне көз жеткізуге болады.

Тасымалдау есебі. лекция №6

Транспорт есебінің қойлымы

Мына шектеуді қанағаттандыратын

$$\left.\begin{array}{ll}\sum_{i=1}^{m} x_{ij} = b_j, & j=\overline{1,n},\\ \sum_{j=1}^{n} x_{ij} = a_i, & i=\overline{1,m},\\ x_{ij}\ge 0,\quad i=\overline{1,m}, & j=\overline{1,n},\end{array}\right\}$$, транспорт шығынын

$$Q(X)=\sum_{i=1}^{m}\sum_{j=1}^{n} c_{ij}\cdot x_{ij}\to \min$$

минимумға әкелетін жүк көлемін табу керек мұндағы

c_{ij} - i ден *jға тасымалданатын жүк құны*; x_{ij} – i ден *jға тасымалданатын жүк көлемі* (X – бұл $m\times n$); b_j - *jға керекті жүк мөлшері*; a_i - *iда бар жүр қоры.*

Модель жабық деп саналады, яғни мына теңдік орындалады

$$\sum_{j=1}^{n} b_j = \sum_{i=1}^{m} a_i .$$

Егер модель ашық болса $\left(\sum_{j=1}^{n} b_j \ne \sum_{i=1}^{m} a_i\right)$, онда оны әр уақытта жалған өндіруші не жалған тұқтынушы енгізу арқылы жабыққа алып келуге болды.

Егер $\sum_{j=1}^{n} b_j < \sum_{i=1}^{m} a_i$, то $b_{n+1} = \sum_{i=1}^{m} a_i - \sum_{j=1}^{n} b_j$, онда $\sum_{j=1}^{n+1} b_j = \sum_{i=1}^{m} a_i$, $c_{i,n+1} = 0 \quad \forall i$.

- Егер $\sum_{j=1}^{n} b_j > \sum_{i=1}^{m} a_i$, онда $a_{m+1} = \sum_{j=1}^{n} b_j - \sum_{i=1}^{m} a_i$, $\sum_{j=1}^{n} b_j = \sum_{i=1}^{m+1} a_i$ и $c_{m+1,j} = 0 \quad \forall j$.

Транспорт есебі сызықтық программалау есебіне жатады. Оны да симплекс әдісімен шешуге болады. Әйтседе, бұл есептің өзіндік әдістері бар.

Минималды элементтер әдісі

Транспорт кестесінде $\min\{c_{ij}\}$ ізделініп, ең алдымен табылғаны мәнге сай тор толтырылады: $x_{ij} = \min\{a_i, b_j\}$.Егер $a_i < b_j$ болса, онда жолдағы калдық сызылады.Ал $a_i > b_j$ болса, онда баған түзетіледі.Калған торладың ең кіші элемент ізделіп,табылған тор толтырылады және т.с..

b / a	30	80	20	30	90
120	2 30	4 80	2	3	8 10
30	3	5	6	6	2 30
40	6	8	7	4	5 40
60	3	4	2 20	1 30	4 10

Жүк тасымалдау құны:

$$Q = 30\times 2 + 4\times 80 + 8\times 10 + 2\times 30 + 5\times 40 + 2\times 20 + 1\times 30 + 4\times 10 = 830 .$$

Бұл жоспар жақсы, бірақ ол оңтайлы ма оны айту ертерек.

Анықтама 1. Транспорт кестесіндегі кез келген тасымалдау жиынтық құрайды.

Анықтама 2. Кез келген не бір жолда не бір бағанда орналасқан торлар жұбы тізбек құрайды.

Анықтама 3. Элементтері не бір жолда не бір бағанада тұратын тізбекті цикл дейді..

Потенциалдар әдісі

Бұл әдіс транспорт есебінің оптималды жоспарын табуға мүмкіндік береді.Әдіс төмендегі теоремаға негізделген.

Теорема. Кандай да бір $X=[x_{ij}]_{m\times n}$ транспорт есебінің жоспары оптималды болу үшін қажетті және жеткілікті оған мына шартты:

$$v_j - u_i \le c_{ij}, \quad i = \overline{1,m}, \; j = \overline{1,n}, \qquad (1)$$

$$v_j - u_i = c_{ij}, \quad \forall x_{ij} > 0 . \qquad (2)$$

қанағаттандыратын $m+n$ санды $u_1, u_2, ..., u_m; v_1, v_2, ..., v_n$, жүйенің сайкес

u_i мен v_j жіберу мен қабылдау пункттерінің потенциалдары деп аталады.

Потенциалдар әдісі
Алгоритмі

1. *Алдымен қандай да бір жүк жоспары жасалады X (методом северо-западного угла или минимального элемента).*
2. *Алынған жоспарға* $v_j - u_i = c_{ij}$, $\forall x_{ij} > 0$ шартты ескере отырып $m+n$ санды $u_1, u_2, ..., u_m; v_1, v_2, ..., v_n$, жүйені құрады.
3. Алынған жүйе үшін мына шарт тексеріледі $v_j - u_i \le c_{ij}$, $\forall x_{ij} = 0$.

Егер шарт орындалса, онда жоспар оптималды. Ал орындалмаса келесі қадамға барамыз.

4. $Q(X) \ge Q(X')$.болатындар жоспарға көшеміз
5. X' үшін жүйе құрылады u_i', v_j', $i = \overline{1,m}$, $j = \overline{1,n}$, болатындай $v_j' - u_j' = c_{ij}$, $\forall x_{ij} > 0$.

6.Бұл жуйе нің потенциалдығы тексеріледі.Потенциалды болмаса, 4 пунктке кайтып барамыз.

II. Сызықты емес оңтайландыру Лекция №7
Функцияның экстремумы

$\Omega \subset R^n$ жиыны және Ω жиынында анықталған $f(x) = f(x_1, ..., x_n)$ функциясы берілген.

Кезкелген $X \subset U_\varepsilon(Y)$ үшін

$$f(Y) \le f(X) \qquad (2.1)$$

Теңсіздігі орындалатындай $U_\varepsilon(Y) = \{X: \| X - Y \| \le \varepsilon\}$ *шар бар болса, онда* $Y \in \Omega$ нүктесі $f(x)$ функциясының төңіректік минимум нүктесі деп аталады.

Егер $f(Y) < \_(X)$ болса, онда Y қатаң төңіректік минимум нүктесі деп атадалы.

Егер $f(Y) \le f(X)$ Ω жиынында кезкелген X үшін орындалса, онда $Y \in \Omega$ нүктесі $f(x)$ функциясының ауқымды минимум нүктесі деп аталады.

Кезкелген $X \subset U_\varepsilon(Y)$ үшін

$$f(Y) \le f(X)$$

Теңсізідігі орындалатындай $U_\varepsilon(Y) = \{X: \| X - Y \| \le \varepsilon\}$ шар болса, онда $Y \in \Omega$ $f(x)$ функциясының төңіректік максмум нүктесі деп аталады.

Егер $f(Y) > f(X)$ қатаң орындалса, онда Y қатаң төңіректік максимум нүктесі деп атадалы.
Егер $f(Y) > f(X)$ Ω жиынында кезкелген X үшін орындалса, онда $Y \in \Omega$ нүктесі $f(x)$ функциясының ауқымды максимум нүктесі деп аталады.
$f(x)$ функциясының төңіректік минимум және максимум нүктелері осы функцияның экстремум нүктелері деп аталады.

III. Бір айнымалы функцияны шартсыз минимизациялау Лекция №8-9

Унимодалды функциялар

Егер

а) функцияның x^* - төңіректік минимум нүктесі $[a, b]$ кесіндісінде жатса;

ә) минимум нүктесінің бір жағынан алынған кесіндінің кез келген x_1 және x_2 екі нүктесі үшін минимум нүктесіне жақынырақ x_1 нүктесіне функияның аз мәні сәйкес келсе, яғни, $x^* < x_1 < x_2$ теңсіздігі үшін де, $x_2 < x_1 < x^*$ теңсіздігі үшін де $f(x_1) < f(x_2)$ теңсіздігі ақиқат болса, онда $y = f(x)$ үзіліссіз функциясы $[a, b]$ кесіндісінде *унимодалды* деп аталады.

$[a, b]$ кесіндісінде $f(x)$ функциясының унимодалдылығының жеткілікті шарты келесі теоремада берілді (теореманы дәлелдеусіз қабылдаймыз).

Теорема 3.1 Егер $f(x)$ функциясы $[a, b]$ кесіндісінде екі рет дифференциалданса, және осы кесіндінің кез келген нүктесінде $f''(x) > 0$ болса, онда $f(x)$ функциясы $[a, b]$ кесіндісінде унимодалды.

Функцияның унимодалдылық аралығын тарылту

$f(x)$ сызықтық функциясының x^* төңіректік минимум нүктесін анықтау үшін сандық әдістерді қолдану –

а) функцияның унимодалдылық аралығын анықтау, яғни, төңіректік минимумның бір нүктесі жататын аралықты табуды;

ә) таңдалынған аралықтағы берілген дәлдікпен x^* мәнін есептеуді қарастырады.

Үзіліссіз $f(x)$ функциясы үшін қандай да бір $[a, b]$ аралығында оның графигін тұрғызу керек, және ол осы кесіндіде 1-суретте көрсетілген түрді қабылдаса, онда $[a, b]$ - функцияның унимодалдылық аралығы. $[a, b]$ аралығы мүмкіндігінше кіші етіп алынады.





1- сурет.

x^* нүктесі бар $[a, b]$ аралығын берілген ε $(b - a \leq \varepsilon)$ дәлдіктен аспайтын өлшемге дейін кішірейте отырып минимум нүктесін есептеу барысында дәлдікке жетеміз.

Функцияның унимодалдылық аралығын тарылтатын тәсілдердің бірін қарастырайық.

$f(x)$ функциясы $[a, b]$ аралықта унимодалды болсын. $[a, b]$ аралығында жататын, $x_1 < x_2$ шарты орындалатындай кез келген x_1 және x_2 нүктелерін алайық. Келесі мүмкін болатын үш жағдайда да x^* төңіректік минимум нүктесі бар, бастапқы $[a_1, b_1]$ аралықта жататын кіші өлшемді $[a, b]$ аралығын көрсетуге болады (2-сурет):

I. егер $y_1 = f(x_1) < y_2 = f(x_2)$ теңсіздігі орындалса, онда $a_1 = a$, $b_1 = x_2$ және кішірейген $[a_1, b_1]$ унимодалдылық аралығын аламыз;

II. егер $y_1 = f(x_1) > y_2 = f(x_2)$ теңсіздігі орындалса, онда $a_1 = x_1$, $b_1 = b$ және кішірейген $[a_1, b_1]$ унимодалдылық аралығын аламыз;

III. егер $y_1 = f(x_1) = y_2 = f(x_2)$ теңдігі орындалса, онда $a_1 = x_1$, $b_1 = x_2$ және кішірейген $[a_1, b_1]$ унимодалдылық аралығын аламыз.



$(a_1 = a \le x^* \le x_2 = b_1)$



$(a_1 = x_1 \le x^* \le b = b_1)$



$(a_1 = x_1 \le x^* \le x_2 = b_1)$

2-сурет

Жекелеп қарап шығу әдісі

Жекелеп қарап шығу әдісі минимизациялау есебінің тура әдістерінің қарапайымы болып табылады. $f(x) \in Q[a, b]$ функциясы берілсін, және $\varepsilon > 0$ абсолют қателікпен $[a, b]$ кесіндісінде $f(x)$ функциясының қандай да бір x^* минимум нүктесін табу керек болсын. $[a, b]$ кесіндісін $x_i = a + i \cdot h$ нүктелерімен бірдей n бөлікке бөлеміз, мұндағы $h = \dfrac{b-a}{n}$, $i = 0, 1, 2, ..., n$, $n \ge \dfrac{b-a}{\varepsilon}$. Осы нүктелерде $f(x)$ функциясының мәндерін есептей отырып

$$f(x_m) = \min_{0 \le i \le n} f(x)$$

Қатынасы орындалатындай салыстыру арқылы x_m нүктесін табамыз. Әрі қарай $x^* \approx x_m$, $f^* \approx f(x_m)$ деп ұсынамыз. Бұл кезде x^* нүктесін анықтаудың ең көп ε_n қателігі: $\varepsilon_n = \dfrac{b-a}{n}$.

Дихотомия әдісі

Бір айнымалы функцияны минимизациялау есебінде x^* төңіректік минимум нүктесі жататын, $f(x)$ сызықтық функция унимодалды болатын $[a, b]$ аралығы анықталсын.

Унимодалдылық аралықты тарылту үшін $[a, b]$ кесіндісінің ортасына симметриялы орналасқан x_1 және x_2 нүктелерін пайдаланамыз:

$$x_{1,2} = \frac{a+b}{2} \pm k\frac{a-b}{2}.$$

k саны 1 санынан едәуір кіші деп есептейік. Сонда x_1, x_2 нүктелері $[a, b]$ кесіндісінде жатады және алдыңғы тақырыпта қарастырғандай тарылтылған $[a_1,b_1]$ аралығын аламыз. Мүмкін болатын келесі үш жағдайдың әр қайсысында тарылтылған кесіндінің ұзындығын бағалаймыз:

1. $y_1 < y_2$ $a_1 = a$, $b_1 = x_2 = \dfrac{a+b}{2} - k\dfrac{a-b}{2}$,

$$b_1 - a_1 = \frac{a+b}{2} - k\frac{a-b}{2} - a = \frac{-a+b}{2} - k\frac{a-b}{2} = -\frac{a-b}{2} - k\frac{a-b}{2} = -(a-b)\left(\frac{1}{2} + \frac{k}{2}\right) = \frac{1+k}{2}(b-a)$$

$$b_1 - a_1 = \frac{1+k}{2}(b-a);$$

2. $y_1 > y_2$, $a_1 = x_1 = \dfrac{a+b}{2} + k\dfrac{a-b}{2}$, $b_1 = b$ $b_1 - a_1 = \dfrac{1+k}{2}(b-a)$;

3. $y_1 = y_2$, $a_1 = x_1 = \dfrac{a+b}{2} + k\dfrac{a-b}{2}$, $b_1 = x_2 = \dfrac{a+b}{2} - k\dfrac{a-b}{2}$, $b_1 - a_1 = k(b-a)$.

Осылайша түрлендірудің бірінші қадамынан кейін ұзындығы кішірейген $[a_1,b_1]$ унимодалдылық аралығы табылды.

Әдістің атынан көріп отырғанымыздай егер k шамасы өте аз болса, онда 1 және 2 жағдайларда унимодалдылық $b-a$ кесіндісінің ұзындығы екі есе дерлік кішірейеді.

Енді жаңа кішірейген $[a_1,b_1]$ аралығында осы кесіндінің ортасына симметриялы $x_1^{(1)}$, $x_2^{(1)}$ нүктелерін таңдаймыз:

$$x_{1,2}^{(1)} = \frac{a_1+b_1}{2} \pm k\frac{a_1-b_1}{2}.$$

Кішірейген $[a_1,b_1]$ аралығын тапқандағыдай есептеулерді жүргізе отырып ұзындығы

$$b_2 - a_2 = \frac{1+k}{2}(b_1 - a_1) = \frac{(1+k)^2}{4}(b-a)$$

шамасынан артық болмайтын $[a_2,b_2]$ аралығын аламыз, және т.т.

Нәтижесінде, $f(x)$ функциясының x^* төңіректік минимум нүктесі әрқайсысында жататын және $\{a_n\}$, $\{b_n\}$, тізбектерінің ортақ шегі болатын, бірінің ішінде бірі орналасқан $[a,b]$, $[a_1,b_1]$, $[a_2,b_2]$, ..., $[a_n,b_n]$, ... кесінділер тізбегін аламыз.

Осыдан

$$x^* \approx a_n \approx b_n$$

жуық теңдігін аламыз, оның n-ші қадамдағы дәлдігі

$$0 \le x^* - a_n \le b_n - a_n \le \frac{(1+k)^n}{2^n}(b-a) < \varepsilon \qquad (3.1)$$

теңсіздігімен бағаланады.

(3.1) теңсіздіктен берілген дәлдікке жету мақсатында n қадам санын анықтауға болады:

$$\frac{(1+k)^n}{2^n}(b-a) < \varepsilon \Rightarrow \frac{(1+k)^n}{2^n} < \frac{\varepsilon}{b-a} \Rightarrow \left(\frac{1+k}{2}\right)^n < \frac{\varepsilon}{b-a} \Rightarrow \ln\left(\frac{1+k}{2}\right)^n < \ln\frac{\varepsilon}{b-a} \Rightarrow$$

$$n\ln\left(\frac{1+k}{2}\right) < \ln\frac{\varepsilon}{b-a} \Rightarrow n > \frac{\ln\frac{\varepsilon}{b-a}}{\ln\left(\frac{1+k}{2}\right)}.$$

$$n > \frac{\ln\frac{\varepsilon}{b-a}}{\ln\left(\frac{1+k}{2}\right)}. \qquad (3.2)$$

Алтын қима әдісі

«Алтын қима» терминін Леонардо да Винчи енгізді. Егер $b-a$ кесіндісінің толық ұзындығының $b-x_1$ үлкен бөлігінің ұзындығына қатынасы үлкен бөліктің ұзындығының x_1-a кіші бөлігінің ұзындығына қатынасына тең болса, онда x_1 нүктесі $[a,b]$ кесіндісінің алтын қимасы болып табылады (3-сурет), яғни, егер $\frac{b-a}{b-x_1} = \frac{b-x_1}{x_1-a}$ қатынасы ақиқат болса, онда x_1 - алтын қима. Осылайша, $[a,b]$ кесіндісінің ортасына қатысты x_1 нүктесіне симметриялы x_2 нүктесі осы кесіндінің екінші алтын қимасы болып табылады. x_1 және x_2 нүктелері $[a,b]$ кесіндісінің ортасына қатысты симметриялы орналасқандықтан,

$$x_{1,2} = \frac{a+b}{2} \pm k\frac{a-b}{2}. \qquad (3.3)$$

$$b - x_1 = b - \frac{a+b}{2} - k\frac{a-b}{2} = \frac{b-a}{2} + k\frac{b-a}{2} = (1+k)\frac{b-a}{2},$$

$$x_1 - a = \frac{a+b}{2} + k\frac{a-b}{2} - a = \frac{b-a}{2} - k\frac{b-a}{2} = (1-k)\frac{b-a}{2},$$

алтын қима анықтамасын пайдалана отырып $k>0$ мәнін есептейміз:

$$\frac{b-a}{b-x_1}=\frac{b-x_1}{x_1-a} \Rightarrow \frac{b-a}{(1+k)\frac{b-a}{2}}=\frac{(1+k)\frac{b-a}{2}}{(1-k)\frac{b-a}{2}} \Rightarrow \frac{2}{1+k}=\frac{1+k}{1-k} \Rightarrow k^2+4k-1=0 \Rightarrow$$

$$k_1=-2+\sqrt{5}, \ k_2=-2-\sqrt{5}.$$

$k>0$ екенін ескеріп $k=-2+\sqrt{5}$.



3- сурет

x_1 - $[a,b]$ және $[a,x_2]$ кесінділерінің алтын қимасы,

x_2 - $[a,b]$ және $[x_1,b]$ кесінділерінің алтын қимасы.

Алтын қиманың қасиетіне тоқталайық:

$[a,b]$ кесіндісінің x_1 және x_2 екі алтын қимасы болсын, сонда x_1 бірмезгілде $[a,x_2]$ кесіндісінің, ал x_2 - $[x_1,b]$ кесіндісінің алтын қимасы болып табылады (3-сурет).

Унимодалды $f(x)$ функциясының x^* төңіректік миимум нүктесіне тарылатын бірінің ішіне бірі тізбектей орналасқан $[a_i,b_i]$, ($i=\overline{1,n}$) табудың алгоритмін қарастырамыз.

1. (3.3) формула бойынша $k=-2+\sqrt{5}$ болғанда бастапқы $[a,b]$ кесіндісінде x_1 және x_2 нүктелерін, содан кейін $\Delta_1 x=x_2-x_1$ айырымын табамыз.

2. $y_1=f(x_1)$ және $y_2=f(x_2)$ функция мәндерін есептейміз.

3. Функцияның унимодалдылық аралығын тарылту сұлбасына сәйкес $[a_1,b_1]$ тарылған кесіндіні құрамыз.

4. келесі қадамға дайындала отырып және алтын қима қасиетін пайдалана отырып, $[a,b]$ кесіндісінде $x_1^{(1)}$ және $x_2^{(1)}$ - екі алтын қиманы табамыз. Бұл жерде үш жағдай болуы мүмкін:

1. $y_1 < y_2$, $a_1 = a$, $b_1 = x_2$, $x_2^{(1)} = x_1$, $x_1^{(1)} = a_1 + \Delta_1 x$, $y_2^{(1)} = y_1$.

2. $y_1 > y_2$, $a_1 = x_1$, $b_1 = b$, $x_1^{(1)} = x_2$, $x_2^{(1)} = b_1 - \Delta_1 x$, $y_1^{(1)} = y_2$.

3. $y_1 = y_2$, $a_1 = x_1$, $b_1 = x_2$, $x_{1,2}^{(1)} = \dfrac{a_1 + b_1}{2} \pm k\dfrac{a_1 - b_1}{2}$.

Енді қарастырылған сұлба бойынша, 1 және 2 жағдайлардағы $y_2^{(i)}$ немесе $y_1^{(i)}$ $(i = 1, 2, ..., n)$мақсат функцияларының мәндері алдыңғы қадамда есептелгенін ескере отырып $[a_2, b_2]$, $[a_3, b_3]$ және т.б. кесінділерді табамыз. Жуық $x^* \approx a_n \approx b_n$ теңдігінің n-ші қадамдағы есептеу дәлдігін (2.11) теңсіздіктен алынған

$$0 \le x^* - a_n \le \frac{b-a}{\tau^n} < \varepsilon \qquad (3.4)$$

теңсіздігімен бағалауға болады, мұндағы $\tau = \dfrac{2}{1+k} = \dfrac{1}{\sqrt{5}-2} \approx 1,618$.

IV. Көп айнымалы функцияны шартсыз минимизациялау.Лекция №10-11

Дөңес жиындар және дөңес функциялар

Егер кез келген $X_1 \in D$ және $X_2 \in D$ нүктелерімен бірге осы нүктелерді қосатын кесінді $[X_1 X_2]$ толығымен D жиынында жатса, онда $D \subseteq R^n$ *жиыны дөңес* деп аталады. Осындай жиынның әрбір $X \in [X_1 X_2]$ нүктесі λ, $0 \le \lambda \le 1$ параметрі арқылы $X = \lambda X_1 + (1-\lambda)X_2$ түрінде өрнектелуі мүмкін.

Егер $\Omega \subseteq R^n$ дөңес жиынында кез келген екі беттеспейтін $X_1 \in \Omega$ және $X_2 \in \Omega$ нүктелері үшін, және кез келген λ, $0 \le \lambda \le 1$ үшін

$$f(\lambda X_1 + (1-\lambda)X_2) \le \lambda f(X_1) + (1-\lambda)f(X_2) \qquad (4.1)$$

теңсіздігі орындалса, онда $f(X)$ функциясы *дөңес* (төмен дөңес, жоғары ойыс) деп аталады.

Егер (4.1) теңсіздігі кез келген λ, $0 \le \lambda \le 1$ үшін қатаң орындалса

$$f(\lambda X_1 + (1-\lambda)X_2) < \lambda f(X_1) + (1-\lambda)f(X_2),$$

онда $f(X)$ функциясы *қатаң дөңес* деп аталады.

Егер $\Omega \subseteq R^n$ дөңес жиында кез келген екі беттеспейтін $X_1 \in \Omega$ және $X_2 \in \Omega$ нүктелері үшін, және кез келген λ, $0 \le \lambda \le 1$ үшін

$$f(\lambda X_1 + (1-\lambda)X_2) \ge \lambda f(X_1) + (1-\lambda)f(X_2)$$

теңсіздігі орындалса, онда $f(X)$ функциясы *ойыс* (төмен ойыс, жоғары дөңес) деп аталады.

Егер $f(\lambda X_1 + (1-\lambda)X_2) \le \lambda f(X_1) + (1-\lambda)f(X_2)$ теңсіздігі кез келген λ, $0 \le \lambda \le 1$ үшін қатаң орындалса

$$f(\lambda X_1 + (1-\lambda)X_2) > \lambda f(X_1) + (1-\lambda)f(X_2),$$

онда $f(X)$ функциясы *қатаң ойыс* деп аталады.

Егер $f(X)$ функциясы дөңес болса, онда $F(X)=-f(X)$ дөңес болады.

Дөңес (ойыс) функциялардың арнайы класы $f(X)=CX^T+XAX^T$ түріндегі форманы құрайды, мұндағы C - тұрақты вектор; A - симметриялы матрица; X^T - X векторына транспонирленген вектор $X=(x_1, x_2, \dots, x_n)$. Егер A - оң анықталған матрица болса, онда $f(X)$ функциясы *қатаң дөңес*, егер A - теріс анықталған матрица болса, онда $f(X)$ функциясы *қатаң ойыс* болып табылады.

Кез келген өлшемді дөңес функция үзіліссіз болып табылады.

Лемма 4.1. Егер $\Omega \subseteq R^n$ дөңес жиынында $f_1(X)$, $f_2(X)$, ..., $f_m(X)$ функциялары дөңес (ойыс) болса, онда $\alpha_j \geq 0$ теріс емес коэффициенттермен олардың $f(X)=\sum_j \alpha_j f_j(X)$ сызықтық комбинациясы Ω жиынында дөңес (ойыс) функция болады.

Градиенттік түсу әдісі

$f(x)$ функциясы - барлық R^n- евклид кеңістігінде дөңес дифференциалданатын функция, және оның x^* - минимум нүктесін табу керек болсын. $x^{(0)}$ - кез келген бастапқы жуықтауды таңдап

$$x^{(k+1)}=x^{(k)}-\alpha_k f'\left(x^{(k)}\right), \; k=0,1,\dots \tag{4.2}$$

тізбегін құрамыз, мұндағы α_k шамасы -

$$f\left(x^{(k+1)}\right)<f\left(x^{(k)}\right), \; k=0,1,\dots \tag{4.3}$$

шарты орындалатындай жеткілікті түрде кіші мән, көбінесе $\alpha_0=1$, таңдалынады.

Есептің аяқталу шарты ретінде негізінен $f'\left(x^{(k)}\right)$ градиентінің нөлге жақындалуы пайдаланылады, яғни,

$$\left|\frac{\partial f\left(x^{(k)}\right)}{\partial x_i}\right| \leq \varepsilon, \; i=1,2,\dots,n,$$

немесе

$$\left\|f'\left(x^{(k)}\right)\right\|=\sqrt{\sum_{i=1}^{n}\left[\frac{\partial f\left(x^{(k)}\right)}{\partial x_i}\right]^2} \leq \varepsilon \tag{4.4}$$

осыдан кейін $x^* \approx x^{(k)}$, $f^* \approx f\left(x^{(k)}\right)$ деп ұсынылады, мұндағы ε - берілген жеткілікті түрде аз сан.

Егер қандай да бір k мәнінде (4.3) шарт орындалмаса, онда (4.3) теңсіздік орындалғанға дейін (4.2) қатынастағы α_k қадамын берілген сан мөлшерінде еселеп кішірейтіледі (бөлшектенеді) және есептеу жалғастырылады.

Оңтайландырудың көптеген есептерінде квадраттық функциялар, яғни, $f(x)=\sum_{i,\,j=1}^{n} c_{ij}x_i x_j+\sum_{j=1}^{n} r_j x_j$ түріндегі функция қарастырылады. Егер $q_{ij}=c_{ij}+c_{ji}$ деп ұсынсақ, онда $Q=(q_{ij})$ симметриялы матрицаны аламыз. Осы симметриялы матрицаның көмегімен квадратты функцияны келесі түрде беруге болады:

$$f(x)=\frac{1}{2}(Qx,\,x)+(r,\,x), \tag{4.5}$$

мұндағы $x=(x_1,\,x_2,\,...,\,x_n)^T$, $r=(r_1,\,r_2,\,...,\,r_n)^T$ - вектор бағандар, $(x,\,y)$ - x және $y\in R^n$ векторларының скаляр көбейтіндісі.

(4.5) квадратты функция үшін (4.2) формула мына түрде беріледі:

$$x^{(k+1)}=x^{(k)}-\alpha_k\left(Qx^{(k)}+r\right),\ k=0,1,... \tag{4.6}$$

Градиентті әдістер. Лекция №12-13

Ең тез түсу әдісі

Ең тез түсу әдісінің градиенттік түсу әдісінен айырмашылығы α_k шамасын анықтауда. Ең тез түсу әдісінде α_k шамасы келесі шарттардан табылады:

$$\Phi_k(\alpha_k)=\min_{\alpha>0}\Phi_k(\alpha),$$

мұндағы

$$\Phi_k(\alpha)=f\left(x^{(k)}-\alpha f'\left(x^{(k)}\right)\right) \tag{4.7}$$

α_k шамасын осылайша таңдау $f(x)$ функциясының антиградиентінің - $-f'\left(x^{(k)}\right)$ бағытының бойында $f(x)$ функциясының мүмкін болатын азаюын барынша қамтиды.

Осылайша, ең тез түсу әдісінің әрбір қадамында (4.7) бір өлшемді минимизациялау есебі шешіледі. Ол үшін жоғарыда қарастырған бір өлшемді минимизациялау әдістерінің біреуін пайдалануға болады.

Егер $f(x)$ - (4.5) түрдегі квадратты функция болса, онда α_k шамасы айқын түрде табылуы мүмкін:

$$\alpha_k=\frac{\left(f'^{(k)},\,f'^{(k)}\right)}{\left(Qf'^{(k)},\,f'^{(k)}\right)}, \tag{4.8}$$

мұндағы $f'\left(x^{(k)}\right)=Qx^{(k)}+r$.

Сонымен, квадратты функция үшін ең тез түсу әдісі - (4.6), (4.8) формулалар бойынша $\left\{x^{(k)}\right\}$ тізбегін құру.

Түйіндес бағыттар әдісі

Түйіндес бағыттар әдісінің негізгі идеясы $f(x)$ функциясының минимум нүктесіне жуық келесі түрде $\{x^{(k)}\}$ тізбегін құру:

$$x^{(k+1)} = x^{(k)} - \alpha_k p^{(k)}, \; k = 0, 1, \ldots, \; x^{(0)} \in R^n, \qquad (4.9)$$

мұндағы $x^{(0)}$ - алдын ала таңдалынған бастапқы жуықтау, α_k - (4.7) – қатынасқа ұқсас таңдалынады:

$$\Phi_k(\alpha_k) = \min_{\alpha > 0} \Phi_k(\alpha), \text{ мұндағы } \Phi_k(\alpha) = f\left(x^{(k)} - \alpha p^k\right)$$

(4.10)

ал түсу бағыты $p^{(k)}$ келесі формуламен анықталады:

$$p^{(k)} = f'\left(x^{(k)}\right) + \beta_k p^{(k-1)}, \; k = 1, 2, \ldots, \; p^{(0)} = f'\left(x^{(0)}\right),$$

мұндағы

$$\beta_k = \frac{\left\| f'\left(x^{(k)}\right) \right\|^2}{\left\| f'\left(x^{(k-1)}\right) \right\|^2} = \frac{\sum_{i=1}^{n} \left(\frac{\partial f\left(x^{(k)}\right)}{\partial x_i} \right)^2}{\sum_{i=1}^{n} \left(\frac{\partial f\left(x^{(k-1)}\right)}{\partial x_i} \right)^2} \qquad (4.11)$$

Сонымен, түйіндес бағыттар әдісі ең тез түсу әдісінен тек қана әрбір қадамдағы функцияның кему бағытымен ($-f'\left(x^{(k)}\right)$ шамасының орнына $-p^{(k)}$) ерекшеленеді.

(4.11) формуладағы $p^{(k)}$ тек қана $-f'\left(x^{(k)}\right)$ - антиградиентпен ғана емес, сонымен қатар алдыңғы қадамдағы $-p^{(k-1)}$ түсу бағытымен де анықталады. Бұл осыған дейін қарастырған градиенттік әдістерге қарағанда $f(x)$ функциясының минимум нүктесіне жуық (4.9) тізбекті құруда берілген функцияның ерекшеліктерін толығырақ ескереді.
Түйіндес бағыттар әдісінде есептеулердің белгілі дәлдікке жету критерийі ретінде негізінен (4.4) теңсіздік қарастырылады. Есептеулерде пайда болған қателіктердің әсер етуін азайту мақсатында көбінесе әрбір N итерациядан кейін $\beta_{mN} = 0$, $m = 0, 1, \ldots$ - деп алады, яғни, әдісті жаңартады (N - алгоритм параметрі).

R^n - кеңістігінде дөңес квадраттық функцияны минимизациялау үшін түйіндес бағыттар әдісінің n - нен артық емес итерациясы талап етіледі.

V. Вариациялық қисаптың қарапайым есебі. Лекция №14-15

Вариациялық қисаптың қарапайым есебі функционалды

минимизациялаудан тұрады:

$$J(y) = \int_{x_1}^{x_2} f(x, y(x), y'(x))dx$$

Мүмкін болатын функциялар жиынында

$Y = \{y \in C_1 [x_1, x_2]: y(x_1) = y_1; y(x_2) = y_2; (x, y(x), y'(x)) \in D$

Барлық $x \in [x_1, x_2]\}$, (1.2)

мұнда D - R^3 кеністіндегі жиын.

Теорема. f функциясы D жиынында f_y и f_y' дербес туындыларымен үзліссіз. Егер $y \in Y$ функциясы $J(y) = \int_{x_1}^{x_2} f(x, y(x), y'(x))dx$ функционалы үшін әлсіз локальды минимумына жетсе, онда y келесі дифференциалды теңдеулердің шешімі:

$$f_y(x, y(x), y'(x)) - \frac{d}{dx} f_y' (x, y(x), y'(x)) = 0$$

Бұл Эйлер – Лагранжа теңдеуі. $f_y(x, y(x), y'(x)) - \frac{d}{dx} f_y' (x, y(x), y'(x)) = 0$ Эйлер – Лагранж теңдеуінің шешімі $J(y) = \int_{x_1}^{x_2} f(x, y(x), y'(x))dx$ функциясының экстремалі деп аталады. Экстремаль деп экстремум болуы мүмкін функция.

Мысал 1. Вариациялық қисаптың қарапайым есебінің экстреальдарын табу керек.

$$J(y) = \int_0^1 (y'^2(x) + y'(x)y(x) + 12xy(x))dx; \; y(0) = y(1) = 0;$$

Эйлера-Лагранжа теңдеуі мына түрде: $y' - 2y'' + 12x - y' = 0$;

Бұдан $y' = 3x^2 + C$;

$y = x^3 + Cx + C_1$ – жалпы шешім;

$y(0) = C_1 = 0$;

$y(1) = 1 + C = 0$; $C = -1$;

Сөйтіп жалгыз экстремаль: $y(x) = x^3 - x$.

Эйлера-Лагранж теңдеуінің дербес жағдайы

Функция f y'-ден тәуелсіз, яғни $f = f(x, y)$. Бұл жағдайда (2.1) дифференциалдық теңдеуі функционалдық теңдеуге айналады.

$$f_y(x, y) = 0 \qquad (2.3)$$

Функция f y-ден тәуелсіз, яғни $f = f(x, y')$, онда (2.1) мына түрге көшеді:

$$\frac{d}{dx} f_{y'}(x, y') = 0,$$

Итегралдау нәтижесінде бірінші ретті дифференциалды теңдеу аламыз:

$$f_{y'}(x, y') = C,$$

(2.2)

мұнда C – тұрақты.

Функция f x-тен тәуелсіз, яғни . $f = f(y, y')$, онда Эйлера – Лагранж теңдеуі мына түрде болады:

$$f(y, y') - f_{y'}(y, y')y' = C,$$

(2.4)

мұнда C – тұрақты.

Семинар және практика сабақтарының қысқаша сипаттамасы (жоспарлар, семинар және практика сабақтарын жүргізуге арналған тапсырмалар, СОӨЖ, СӨЖ);

Семинар сабақтары

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	Графическалық әдіс	2
2	Симплекс әдіс	2
3	Сызықты программалау есебін Симплекс кестесімен шешу	4
4	М-әдіс	4

5	Екіжақтылық(қосжақтылық)	2
4	Траспорт есебін оптималдыққа тексеру	4
5	Функцияны шартсыз минимизациялау	4
6	Мақсат функцияның минимумын симплекс әдіспен табу	2
7	Хук-Дживс әдісіне	2
8	Коши әдісі	2
9	Ньютон әдісі	2
10	Түйіндес градиенттер әдісі	2
11	Вариациялық қисаптың қарапайым есебінің экстремальдарын табу	2
	бары	30

Тақырып Графическалық әдіс

Айталық бізге шектеулер жүйесі берілсін

$$\begin{cases} a_{11}x_1 + a_{12}x_2 \geq b_1 \\ a_{21}x_1 + a_{22}x_2 \geq b_2 \\ \dots\dots\dots \\ a_{m1}x_1 + a_{m2}x_2 \geq b_m \end{cases}$$

Осы жүйенің шешімдерінің ішінен мына сызықты функцияны

$$L = c_1x_1 + c_2x_2 + c_0$$

Минимумға не максимумға жеткізетінен табу керек.Оны геометриялық жолмен шығару төмендегідей жүзеге асады. Жазықтықтың әр нүктесі үшін функция L өзінің мәнін $L = L_1$ қабылдайды. $c_1x_1 + c_2x_2 + c_0 = L_1$

